

БАНКТІК САЛЫМ ШАРТЫН ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ОФЕРТА

Осы Банктік салым шартын жасау туралы жария оферта (бұдан әрі – Оферта) бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Фридом Банк Қазақстан» Акционерлік қоғамы және Салымшы арасында банктік салым шартын жасау, орындау, өзгерту және қолданысын тоқтату талаптарын айқындайды.

Осы Офертанының мақсаттары үшін Салымшы ретінде заңды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа немесе фермер шаруашылығы танылады.

Салымшының осы Офертаның талаптарына қосылуы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Оферта Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Осы Офертаның қолданылуы салымдардың мерзімді және жинақтаушы түрлерін қамтиды және шартты салымдарға қолданылмайды.

Банктік салым шарты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың (бұдан әрі – Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалары) талаптарына сәйкес Банк Салымшының осы Офертаға 1-қосымшада берілген нысан бойынша Қосылу туралы өтінішін қабылдаған күннен бастап жасалды деп есептеледі.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Офертаның мақсаттары үшін төменде көрсетілген терминдер келесі мәнде қолданылады:

1.1. **Салым** – Салымшының осы Оферта мен Қосылу туралы өтінішке сәйкес қайтарымдылық, мерзімділік (егер қолданылса) және сыйақы төлеу шарттарымен Банкте орналастыратын ақшасы;

1.2. **Сыйақы** – Банк Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Салымға есептейтін ақшалай сома;

1.3. **Үзінді көшірме** – Салымшының жинақ шотының белгілі бір уақыт кезеңіндегі жай-күйі туралы құжат (қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда);

1.4. **Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысымен бекіткен Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларына сәйкес есептелетін, қызметтер бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

1.5. **Қашықтықтан қызмет көрсету арналары** – Салымшыға Банк бөлімшелеріне барусыз банктік қызметтерді алу мүмкіндігі берілетін Банктің бағдарламалық-техникалық құралдары;

1.6. **Банктік салым шарты (Шарт)** – Банк пен Салымшы арасындағы Салымшының осы Офертаға қосылуы арқылы жасалған келісім, оған сәйкес Банк Салымшыдан ақшаны Салымға қабылдайды. Шарт Офертадан, Қосылу туралы өтініштен, Банк тарифтерінен

(қолданылатын бөлігінде), сондай-ақ Офертада немесе Қосылу туралы өтініште тікелей көрсетілген Банктің өзге құжаттарынан тұрады;

1.7. **Қосылу туралы өтініш** – Банк нысаны бойынша жасалған, Салымның жеке талаптарын қамтитын және Салымшының осы Офертаға қосылғанын растайтын құжат;

1.8. **ЖСК** – Салымшының ақшасын есепке алуға арналған банктік шот болып табылатын жеке сәйкестендіру коды;

1.9. **ЖСН** – жеке сәйкестендіру нөмірі;

1.10. **Жұмыс күні** – егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері банктік операцияларды жүзеге асыратын күн;

1.11. **Жинақ шоты** – Салым бойынша операцияларды есепке алу мақсатында Банк Салымшыға ашатын банктік шот;

1.12. **Банк тарифтері** – банктік қызметтер көрсетуге байланысты Салымшының төлеуі тиіс комиссиялардың және өзге де төлемдердің Банк бекіткен мөлшерлері.

2. ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

2.1. Шартты жасау мақсатында Салымшы Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген және (немесе) Банк Салымшыны сәйкестендіру, тиісінше тексеру және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

2.2. Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы осы Офертаға қосылады.

2.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада немесе Қосылу туралы өтініште Шартты жасаудың өзге уақыты көзделмесе, Шарт Банк Қосылу туралы өтінішті қабылдаған күннен бастап жасалған деп есептеледі.

2.4. Шарт Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы жасалған кезде электрондық цифрлық қолтаңбаны, біржолғы кодты, аутентификациялау құралдарын немесе Салымшының ерік білдіруін растаудың Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге тәсілдерін пайдалану Салымшының өз қолымен қойған қолтаңбасының баламасы деп танылады.

2.5. Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Салымшы төмендегілерді растайды:

- осы Офертаның, [Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың](#) талаптарымен танысқанын;

- осы Офертаның, [Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың](#) мазмұнын және осы Шартты жасаудың құқықтық салдарын түсінетінін;

- осы Офертаның, [Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың](#) талаптарын ешқандай алып тастауларсыз және ескертулерсіз толық көлемде қабылдайтынын;

- егер Банкте салымшы қол қойған қосылу туралы өтініш болса, өзінің Шартты/[Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларды](#) оқымағанына/түсінбегеніне/қабылдамағанына дәлел ретінде Шартқа қойылған қолтаңбасының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқтығын;

- Шартта және [Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда](#) көзделген жинақ шотын ашудың, жүргізудің және жабудың барлық шарттарымен келісетінін;

- Шарттың және [Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың](#) барлық ережелері Салымшының мүдделері мен ерік-жігеріне толық сәйкес келетінін;

- Шартты жасау және оның талаптарын орындау Салымшының құрылтайшылық және өзге құжаттарының және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Салымшыға қолданылатын заңнаманың кез келген ережесінің бұзылуына әкеп соқпайтынын және оларды бұзбайтынын;

- Банкке ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің шынайылығын растайды.

2.6. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

- осы Оферта;

- Қосылу туралы өтініш;
- Шартқа қолданылатын бөлігіндегі Банк тарифтері;
- осы Офертада немесе Қосылу туралы өтініште тікелей көрсетілген Банктің өзге құжаттары.

2.7. Оферта мен Қосылу туралы өтініштің Талаптары арасында қайшылықтар болған жағдайда, Қосылу туралы өтініштің Салымның жеке талаптары бөлігіндегі талаптары басым күшке ие болады.

2.8. Оферта Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылады және шектеусіз адамдар тобына танысу үшін қолжетімді.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Шартқа сәйкес Банк Салымшыдан ақшаны Салымға қабылдайды, Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Салым сомасын қайтаруға және Сыйақы төлеуге міндеттенеді.

3.2. Салымның жеке талаптары, соның ішінде Салымның түрі, сомасы, валютасы, орналастыру мерзімі, Сыйақы мөлшері, Сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі, толықтыру, ішінара алу, ұзарту (бар болса) талаптары, сондай-ақ өзге талаптар Қосылу туралы өтінішпен айқындалады.

3.3. Салымдардың жекелеген түрлерінің ерекшеліктері Салымды толықтырудың, алудың және қайтарудың және қосымша құжаттарды ұсынудың арнайы талаптарын көздеуі мүмкін. Аталған талаптар Салымның тиісті түрімен айқындалады және Қосылу туралы өтініште және/немесе Банктің өзге құжаттарында көрсетіледі.

3.4. Банк Салым бойынша операцияларды есепке алу үшін Салымшыға Жинақ шотын ашады.

3.5. Салымды орналастыру келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- Салымшының Жинақ шотына ақша енгізуі;
- басқа банкте немесе өзге қаржы ұйымында ашылған банктік шоттан ақша аудару;
- Салымшының Қосылу туралы өтініште жазылған тапсырмасы мен келісімі негізінде

Банктің Салымшының Банкте ашылған ағымдағы шотынан ақшаны алуы.

3.6. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Салымшы ақшаны Салымға орналастыру мақсатында Банкке Қосылу туралы өтініште көрсетілген Салым сомасы мөлшерінде, бөлек төлем құжатын ресімдеусіз Салымшының Банкте ашылған ағымдағы шотынан ақшаны алуға келісімін мен тапсырмасын береді.

3.7. Ақша Жинақ шотына есептелген күннен бастап Салым орналастырылған деп есептеледі.

3.8. Егер Салым Қосылу туралы өтінішке қол қойылған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылмаған болса, Шарт жасалмаған деп есептеледі, Жинақ шоты жойылады.

4. САЛЫМ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ

4.1. Салымға орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін Банк Салымшыға Сыйақы төлейді.

4.2. Салым бойынша Сыйақы мөлшерін Банк айқындайды және ол Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

Құбылмалы Сыйақы мөлшерлемесі бар Салымдар бойынша мөлшерлеме көлемі пайыздық спред пен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің сомасы ретінде айқындалады және Салымның қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі өзгерген жағдайда, Банк Салымшымен қосымша келісім жасаусыз, тиісті өзгеріс күшіне енгеннен кейінгі келесі жұмыс күні Салым бойынша Сыйақы мөлшерлемесін түзетуді жүзеге асырады.

4.3. Сыйақыны есептеу тәртібі, есептеу базасы, есептеу кезеңі, Сыйақыны төлеу мерзімділігі және Сыйақы төлеудің өзге талаптары тиісті Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарымен айқындалады.

4.4. Сыйақы Қосылу туралы өтініште көрсетілген мөлшерлеме бойынша Салымға орналастырылған ақша сомасына есептеледі, бұл ретте ақшаның Салымға түскен күні мен Салым мерзімінің аяқталған күні бір күнге тең деп есептеледі. Егер тиісті Салымның талаптарында өзгеше көзделмесе, Салым/қосымша жарналар сомасына Сыйақы Салым/қосымша жарна сомасы енгізілген/аударылған күннен кейінгі күннен бастап Салымның қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейінгі (оны қоса алғанда) кезеңде есептеледі. «Shabyt» салымы бойынша Салым мен қосымша жарналар сомасына Сыйақы Салымға ақша енгізілген күннен бастап есептеледі. Сыйақыны есептеу кезінде төмендегі есептік база негізге алынады:

- «Maxi», «Money», «Profit», «Samgau», «Талап етілгенге дейін», «Құбылмалы» салымдары үшін: бір жылдағы күндер саны - 360, бір айдағы күндер саны - 30 күн;

- «Shabyt» салымы үшін: бір жылдағы күндер саны – 360, бір айдағы күндердің нақты саны;

- «Овернайт», «Smart» салымдары үшін: бір жылдағы күндердің нақты саны, бір айдағы күндердің нақты саны;

4.5. Сыйақыны төлеу тиісті Салымның талаптарында айқындалған тәсілмен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

4.6. Салым мерзімінен бұрын қайтарылған жағдайда, Сыйақыны қайта есептеу Қосылу туралы өтініште көзделген тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады.

4.7. Егер тиісті Салымның талаптарында автоматты түрде ұзарту көзделген жағдайда, Қосылу туралы өтініште өзгеше көзделмесе, ұзарту кезіндегі Сыйақы мөлшері, Банкте Салымның тиісті түрі үшін ұзарту күні қолданылатын Сыйақы мөлшерлемесіне сәйкес айқындалады.

4.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Жинақ шоты бойынша шығыс операциялары уақытша тоқтатылған болса және/немесе Жинақ шотында орналастырылған ақшалай қаражатқа тыйым салынса / шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім қойылса, Салым бойынша Сыйақы Жинақ шотында орналастырылған бүкіл Салым сомасына есептеледі және төленеді.

4.9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда салық агенті болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сыйақы сомаларынан салықтарды ұстап қалады.

4.10. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстап қалған салық сомалары, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды.

5. САЛЫМ МЕРЗІМІ. САЛЫМДЫ ТОЛЫҚТЫРУ, ІШІНАРА АЛУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ҚАЙТАРУ

5.1. Салым мерзімі тиісті Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарымен айқындалады.

Талап етілгенге дейінгі салымдар үшін Салымды орналастыру мерзімі белгіленбейді.

5.2. Салымды толықтыру мүмкіндігі, толықтыру талаптары мен тәртібі тиісті Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарымен айқындалады.

5.3. Салымнан ақшаны ішінара алу мүмкіндігі, осындай алудың талаптары мен тәртібі тиісті Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарымен айқындалады.

5.4. Егер тиісті Салымның талаптарында автоматты түрде ұзарту көзделсе, Салым, егер Қосылу туралы өтініште өзгеше көзделмесе, Банкте Салымның тиісті түрі үшін ұзарту күніне қолданылатын талаптарда ұзартылады.

5.5. Автоматты түрде ұзартулардың саны тиісті Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарымен айқындалады.

5.6. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Банк Салым сомасын және есептелген Сыйақыны тиісті Салымның талаптарында көзделген тәртіппен қайтаруды жүзеге асырады.

5.7. Егер Салым мерзімінің аяқталу күні демалыс күніне (демалыс немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мереке ретінде танылған күнге) сәйкес келсе, Банк Салым сомасын және тиесілі Сыйақыны қайтаруды одан кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырады. Бұл ретте сыйақыны есептеу Қосылу туралы өтініште көрсетілген Салым мерзімінің аяқталу күнімен тоқтатылады.

5.8. Төменде көрсетілген оқиғалардың кез келгені туындаған кезде:

- Салымшы Салымды мерзімінен бұрын талап еткенде;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Салым толық алынғанда;
- Салымшының Салымды ішінара алуы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша ішінара алынуы нәтижесінде Салым мөлшері Қосылу туралы өтініште белгіленген төмендемейтін қалдықтан азайғанда, ақшалай қаражатты Салымнан Банкте ашылған және Банк Салымшыда туындаған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылдаған кепілдік депозиті шотына аудару жағдайларын қоспағанда, Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген мерзімінің 50% (елу пайызы) өткенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған деп есептеледі. Бұл жағдайда Салым бойынша Салымды орналастыру кезеңіндегі Сыйақы осы Офертада көзделген Салымның тиісті түрінің талаптарына сәйкес төленеді (немесе төленбейді). Егер Банк осыған дейін сыйақыны Қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша төлеген болса, Банк артық төленген Сыйақы сомасын Салым сомасынан ұстап қалады.

5.9. Осы Офертаның 5.8-тармағында аталған оқиғалардың кез келгені Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген мерзімінің 50% (елу пайызы) өткеннен кейін туындаған кезде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған деп есептеледі. Бұл жағдайда Сыйақы, егер тиісті Салымның Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарында өзгеше көзделмесе, Салымның нақты орналастырылған мерзімі үшін Қосылу туралы өтініште көрсетілген Сыйақы мөлшерлемесінің 50% (елу пайызы) мөлшерінде төленеді. Бұл ретте Банк тиесілі сыйақыны қайта есептеуді жүзеге асырады және артық төленген Сыйақы сомасын Салым сомасынан ұстап қалады.

5.10. Салымдардың жекелеген түрлерін мерзімінен бұрын бұзу ерекшеліктері:

«Money», «Samgau», «Shabyt» салымдары бойынша

- мерзімі 3 ай болса: сыйақы төленбейді.
- мерзімі 6 ай болса:
 - 3 айға дейін – сыйақы төленбейді, 3 айдан жоғары – сыйақы салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 50% мөлшерінде есептеледі.
- мерзімі 12 ай болса:
 - 6 айға дейін – сыйақы төленбейді, 6 айдан жоғары – сыйақы салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 50% мөлшерінде есептеледі.
- мерзімі 18 ай болса:
 - 12 айға дейін – сыйақы төленбейді, 12 айдан жоғары – сыйақы салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 50% мөлшерінде есептеледі.

Сыйақыны қайта есептеу кезінде артық төленген Сыйақы сомасы Салымның негізгі сомасынан ұсталады.

«Machi» салымы бойынша сыйақы төлеу Салымшы өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін жүзеге асырылады. Сыйақы Банк «Талап етілгенге дейін» салымы үшін белгілеген мөлшерлемелер бойынша қайта есептеледі.

5.11. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Салымшы келмеген және Салым сомасы мен есептелген Сыйақы талап етілмеген жағдайда, тиісті Салымның талаптарында өзгеше көзделмеген болса, Банк Салым сомасын және есептелген сыйақыны Салымшы Қосылу туралы өтініште көрсеткен ЖСК-ға аударады, содан кейін Жинақ шотын жабуды жүзеге асырады.

5.12. Банк Салымның жекелеген түрі бойынша жаңа салымдарды қабылдауды тоқтатуға құқылы. Жаңа салымдарды қабылдауды тоқтату Банктің бұған дейін жасалған Шарттар бойынша міндеттемелерді орындауына әсер етпейді.

6. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Банк құқылы:

6.1.1. Салымшыдан Шартты жасауға, орындауға және тоқтатуға қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, шет мемлекеттердің Банктің қызметіне ықпал ететін талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарын орындауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және ұсынылған құжаттарды қарау кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда операцияларды жүргізуді шектеуге;

6.1.2. Салымшы ұсынған құжаттар мен мәліметтерді тексеруге;

6.1.3. Салымшы туралы мәліметтерді өзектендіруге қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуды талап етуге;

6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда, шет мемлекеттердің Банктің қызметіне ықпал ететін талаптары бойынша, сондай-ақ Банкте жасалатын операциялардың заңдылығына қатысты күдік туындаған жағдайларда Салымды ашудан, Салым бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға немесе Шартты бұзуға;

6.1.5. осы Офертаның 9-бөлімінде көзделген тәртіппен осы Офертаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

6.1.6. Салымшының қосымша келісімін алусыз Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада және Банк пен Салымшы арасындағы өзге келісімдерде көзделген жағдайларда және тәртіппен Жинақ шотынан және Салымшының Банкте ашылған өзге банктік шоттарынан ақшаны алуды жүзеге асыруға, соның ішінде келесі мақсаттарда:

- Салымшы Банкке төлеуі тиіс комиссиялар мен өзге төлемдерді ұстап қалу;
- Салымшының шотына қате есептелген ақшаны қайтару;
- артық есептелген және/немесе төленген Сыйақыны қайтару;
- Банк алдындағы берешекті өтеу.

Салымшыға хабарламаларды және өзге ақпаратты Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша ресми сайты, Банктің мобильді қолданбасы, SMS-хабарламалар, электрондық пошта, push-хабарламалар және Банктің өзге Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы жіберуге;

6.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Салым бойынша операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатуға, операцияларды жүргізуден бас тартуға немесе Жинақ шоты бойынша шектеулерді орындауға;

6.1.8. қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, даулы жағдайларды реттеу және операциялардың жасалғанын растау мақсатында Банк үй-жайларында, сондай-ақ Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы қызмет көрсету кезінде фото-, аудио-және бейнетіркеу жүйелерін пайдалануға;

6.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банкте Салымшының қызметі немесе оның операциялары кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен, алаяқтықпен, санкциялық шектеулерді бұзумен немесе өзге құқыққа қайшы қызметпен байланысты деп пайымдауға негіздер болған кезде біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты бұзуға және/немесе Салымшымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;

6.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда Шартты жасау, орындау, өзгерту және тоқтату кезінде, сондай-ақ қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы өзге әрекеттерді жасау кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны, біржолғы кодты, аутентификациялау, биометриялық

сәйкестендіру құралдарын және Салымшының ерік білдіруін растаудың өзге тәсілдерін Салымшының өз қолымен қойған қолтаңбасының баламасы деп тануға;

6.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Офертада және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға.

6.2. Банк міндетті:

6.2.1. Салымшыға Шартта көзделген тәртіппен Жинақ шотын ашуға;

6.2.2. Шарт талаптарына сәйкес Салымға ақша қабылдауға;

6.2.3. Салымға орналастырылған ақшаның есебін жүргізуге;

6.2.4. Шартта көзделген тәртіппен және талаптармен Сыйақы есептеуге және төлеуге;

6.2.5. Салым сомасын және есептелген Сыйақыны Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде қайтаруға;

6.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Салым бойынша Сыйақы сомасынан салықтарды және өзге міндетті төлемдерді ұстап қалуға;

6.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен Салымшыға Салым бойынша Үзінді көшірмелерді және өзге ақпаратты ұсынуға;

6.2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен банктік құпияның сақталуын қамтамасыз етуге;

6.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде осы Офертаға және Банк Тарифтеріне өзгерістер енгізілгені туралы ақпаратты Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастыруға;

6.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге міндеттерді атқаруға.

7. САЛЫМШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Салымшы құқылы:

7.1.1. Шартта көзделген талаптармен Салымға ақша орналастыруға;

7.1.2. Салым сомасы, есептелген Сыйақы және Салым бойынша операциялар туралы ақпаратты қоса алғанда, Салым туралы ақпарат алуға;

7.1.3. Шартта көзделген тәртіппен және талаптармен Сыйақы алуға;

7.1.4. Тиісті Салым талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Салымды толықтыруға, Салымнан ақшаны ішінара алуға, сондай-ақ Салымды мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;

7.1.5. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін немесе Шартта көзделген өзге жағдайларда Салым сомасын және есептелген Сыйақыны қайтаруды талап етуге;

7.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салымдарға кепілдік беру талаптары туралы ақпарат алуға;

7.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге құқықтарды пайдалануға.

7.2. Салымшы міндетті:

7.2.1. Шарттың және Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың талаптарын сақтауға;

7.2.2. Банкке Шартты жасауға және орындауға қажетті дұрыс (шынайы) құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

7.2.3. Банктің талап етуі бойынша Салымшы туралы деректерді өзектендіруге қажетті құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының талаптарын, сондай-ақ шет мемлекеттердің Банк қызметіне ықпал ететін талаптарын орындауға қажет деп санайтын құжаттарды ұсынуға;

7.2.4. Тиісті өзгерістер туындаған күннен бастап дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке хабарлауға және Банкке бұдан бұрын ұсынылған мәліметтердің, соның ішінде атауы, орналасқан жері, басшысы, өкілдері, қол қою құқығы бар тұлғалар, бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтердің, байланыс деректерінің, сондай-ақ Шарттың орындалуына және Салым бойынша операциялардың жүргізілуіне әсер етуі мүмкін өзге мән-жайлардың өзгергенін растайтын құжаттарды ұсынуға;

7.2.5. Салымды орналастыру Салымшының келісімі мен тапсырмасы негізінде Банктің ақшаны алып қоюы арқылы жүзеге асырылатын жағдайда, Банкте ашылған ағымдағы шотта ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

7.2.6. Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Банк қызметтеріне төлем жасауға;

7.2.7. Осы Офертаның, Банк Тарифтерінің және Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылатын өзге құжаттарының өзгергені туралы ақпаратты өз бетінде қадағалап отыруға;

7.2.8. Банктің талап етуі бойынша Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы үшін, соның ішінде Салымшыны сәйкестендіру, тиісінше тексеру, бенефициарлық меншік иелерін анықтау, салықтық резиденттігін, ақшаның шығу көзін және іскерлік қарым-қатынастардың сипатын белгілеу мақсатында қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

7.2.9. Салым сомасын және/немесе Сыйақыны басқа банкте немесе өзге қаржы ұйымында ашылған банктік шотқа аударған жағдайда, Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Банк комиссияларын төлеуге. Банк тиісті комиссия сомасын Салымшыға төленуге жататын Салым сомасынан және/немесе Сыйақыдан ұстап қалуға құқылы;

7.2.10. Егер Салымшы квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылса, ақшаны Салымға орналастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық қажетті келісімдерді, шешімдерді және өзге құжаттарды алуды өз бетінше қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының осындай ақшаны орналастыруға және алынған Сыйақыға иелік етуге байланысты талаптарын сақтау үшін жауапкершілік алуға;

7.2.11. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

7.2.12. Банктің Шартты орындауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына байланысты заңды талаптарын уақтылы орындауға;

7.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге міндеттерді атқаруға.

8. КЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ, САНКЦИЯЛЫҚ КОМПЛАЕНС ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

8.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және шет мемлекеттердің Банк қызметіне ықпал ететін талаптарына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

8.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банктің Салымшының, оның өкілдерінің, бенефициарлық меншік иелерінің қызметі немесе ол жүргізетін операциялар кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен, алаяқтықпен, халықаралық экономикалық санкцияларды айналып өтумен немесе өзге құқыққа қайшы қызметпен байланысты болуы мүмкін деп пайымдауға негіздері болған кезде, Банк Салымшымен іскерлік қарым-қатынастар орнатудан немесе оларды жалғастырудан бас тартуға, салым бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға, банктік қызметтерді көрсетуді шектеуге немесе біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты бұзуға құқылы.

8.3. Салымшыға, оның өкілдеріне, бенефициарлық меншік иелеріне немесе онымен байланысты тұлғаларға қатысты халықаралық экономикалық санкциялар қолданылған немесе осындай санкцияларды бұзу тәуекелі болған жағдайда, сондай-ақ Банктің шет мемлекеттердің санкциялық заңнамасының, халықаралық ұйымдардың талаптарын, FATF ұсынымдарын немесе Банктің корреспондент-банктерінің талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарын бұзу тәуекелі болған кезде, Банк операцияларды жүргізуден бас тартуға немесе Салымшымен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтатуға және біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты бұзуға құқылы.

8.4. Банк Салымшының ақшасына тыйым салынған, уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан шығыс операциялары тоқтатылған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатуға және (немесе) оларды жүргізуден бас тартуға құқылы.

8.5. Банк күдікті, әдеттен тыс және алаяқтық операцияларды мониторингін жүргізудің, талдаудың және анықтаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға құқылы.

8.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларда операцияны жүргізуден бас тарту, операцияны тоқтату, банктік қызметтерді көрсетуді шектеу немесе іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату салдарынан туындаған Салымшының шығындары үшін жауапкершілік алмайды.

9. ОФЕРТАНЫ ЖӘНЕ БАНК ТАРИФТЕРІН ӨЗГЕРТУ

9.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте осы Офертаға және Банк Тарифтеріне біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

Осы Офертаға және Банк Тарифтеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы ақпарат Салымшының назарына тиісті ақпаратты Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы және/немесе Банк анықтайтын өзге тәсілдермен жеткізіледі.

9.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және [Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда](#) өзге тәртіп көзделмесе, осы Офертаға және Банк Тарифтеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Банк тиісті хабарламада көрсеткен күннен бастап күшіне енеді.

9.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге талаптар көзделмеген болса, осы Офертаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осындай өзгерістер күшіне енгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

9.4. Нақты Салымның талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті Салым талаптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүзеге асырылады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк және Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік алады.

10.2. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау төмендегілердің салдарынан болса, Банк жауапты болмайды:

- Салымшының дұрыс емес, толық емес немесе уақтылы жаңартылмаған құжаттар мен мәліметтерді ұсынғанда;
- Мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі;
- Салымшының ақшасына тыйым салынуы, шығыс операцияларының тоқтатылуы немесе уәкілетті органдар белгілеген өзге шектеулер;
- Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, шет мемлекеттердің Банк қызметіне ықпал ететін талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарын орындауы;
- еңсерілмейтін күш жағдайлары.

10.3. Салымшы Банкке ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің шынайылығы, толықтығы және өзектілігі үшін жауапкершілік алады.

10.4. Салымшы Банкке бұдан бұрын ұсынылған мәліметтердің өзгергені туралы Банкке уақтылы хабарламағаны нәтижесінде туындаған қолайсыз салдардың тәуекелін өзіне қабылдайды.

10.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында немесе шет мемлекеттердің Банк қызметіне ықпал ететін талаптарында көзделген жағдайларда операцияны жүргізуден бас тарту, операцияны тоқтату, банктік қызметтерді көрсетуді шектеу немесе іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату салдарынан туындаған Салымшының шығындары үшін Банк жауапты болмайды.

10.6. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен осындай орындамау салдарынан екінші Тарапқа келтірілген шығындарды өтеуге міндетті.

10.7. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау табиғи апаттарды, әскери іс-қимылдарды, мемлекеттік органдардың актілерін, төлем жүйелерінің жұмысындағы іркілістерді және Тараптардың саналы бақылауынан тыс өзге мән-жайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТУ

11.1. Осы арқылы Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың қолданылатын нормаларын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар) сақтайтынына және сақтауға міндеттенетініне сендіреді және кепілдік береді.

11.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға қайшы келетін қандай да бір іс-әрекеттер жасамайды (әрекетсіздіктен бас тартады) және өздерінің еншілес, тәуелді және үлестес ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауын қамтамасыз ету үшін заңнамада жол берілетін барлық қажетті күш-жігерін салады, соның ішінде қандай да бір коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында немесе өзге құқыққа қайшы мақсатта қандай да бір тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін олардың пайдасына немесе олардан кез келген нысандағы параны (соның ішінде ақша (кез келген валютадағы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда), өзге құндылықтар, мүлік, мүліктік құқықтар немесе өзге материалдық және/немесе материалдық емес пайда нысанында) тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы ұсынудан, уәде етуден, беруден, бопсалаудан, сұраудан, алуға келісуден және алудан бас тартады.

11.3. Тараптардың бірінде екінші Тарап осы Келісімнің қандай да бір ережелерін бұзды немесе бұзуы мүмкін деген негізді күдіктер туындаған жағдайда, осындай Тарап екінші Тарапқа бұзушылық фактісін теріске шығаратын немесе растайтын түсініктемелер мен ақпаратты (құжаттарды) ұсыну талабымен сұрау салуға құқылы.

12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

12.1. Банк пен Салымшы арасында Шартты жасауға, орындауға, өзгертуге, тоқтатуға немесе оның жарамсыздығына байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

12.2. Дауды келіссөздер жүргізу арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дау Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында белгіленетін орында және тәртіпте сотта қаралуға жатады.

12.3. Шарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Шартпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Банк пен Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.2. Шарттың жекелеген ережелерінің жарамсыздығы немесе оларды орындаудың мүмкін еместігі Шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына негіз болмайды.

13.3. Банк пен Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіпте Банктің Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы берілген құжаттардың, хабарламалардың, хаттардың және өзге мәліметтердің заңды күшін қабылдайды.

13.4. Банктің Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы қалыптастырылған, берілген құжаттар, өтініштер, хабарламалар және өзге мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен қағаз жеткізгіштегі құжаттарға тең заңды күшіне ие болады.

13.5. Банктің хабарламалары Шартта көзделген тәсілмен жіберілген сәттен бастап Салымшының назарына жеткізілді деп есептеледі.

13.6. Салымшы (жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы) Салымға орналастырған ақша «ҚР екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдарға (депозиттерге) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) туралы» ҚР Заңына сәйкес салымдарға (депозиттерге) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады. Салымшы Банктің www.bankffin.kz интернет-ресурсында орналастырылған салымдар бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу талаптарымен, сондай-ақ жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы Банктің куәлігімен танысқанын растайды.

13.7. Салымшы өзінің деректемелері, байланыс деректері және өзге мәліметтері өзгергені туралы Банкке уақтылы хабарламау нәтижесінде Банктің хабарламаларын алмағанына байланысты қолайсыз салдар тәуекелін өзіне қабылдайды.

Осы Оферта Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылады және шектеусіз адамдар тобына танысу үшін қолжетімді.

13.8. Оферта Банк оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді және ол жойылғанға немесе Банк Офертаның жаңа редакциясын қабылдағанға дейін қолданыста болады.

13.9. Қосылу туралы өтінішке қол қою немесе Банк Офертаны акцептеу үшін көздеген өзге әрекеттерді жасау арқылы осы Офертаға қосыла отырып, Салымшы:

- осы Офертаның талаптарымен толық көлемде танысқанын;
- осы Офертаның мазмұнын түсінетінін және оның талаптарын ескертусіз әрі қарсылықсыз қабылдайтынын;
- Банктің қолданыстағы Тарифтерімен танысқанын;
- таңдаған банктік өнімнің талаптарымен танысқанын;
- Банкке ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растайды;
- Банктің хабарламаларын осы Офертада көзделген тәсілдермен алуға келіседі.